


2023 жылғы «28.10»
№ 1894 хатқа
қосымша



**«МӘШҮР ЖҮСІП ӘЛЕМІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

Құрметті әріптестер!

2024 жылғы 26 қаңтарда Астана қаласында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдығына орай өтетін «Мәшһүр Жүсіп әлемі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға шақырамыз.

Конференцияның мақсаты:

Қазақ зиялысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи және әдеби мұраларын насихаттау, педагогтердің шығармашылық әлеуетін көтеру.

Өту тілі: қазақша, орысша

Өткізу форматы: офлайн (тікелей көрсетілім), онлайн (сырттай, google meet платформасы арқылы). Конференцияға онлайн қосылу үшін сілтеме қосымша жіберіледі.

Конференцияның ашылуы: 2024 жылғы 26 қаңтар, сағат 10.00-де, (тіркеу 09.30-да).

Өтетін орны: Астана қаласы әкімдігінің «Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп» КММ, Шарбақты көшесі 46.

Конференцияны ұйымдастырушылар:

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, «Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп» КММ.

Конференцияға қатысушылар:

Орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері, ЖОО оқытушы-профессорлары, докторанттар, магистрлер, ғалымдар, барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогтері, мектепке дейінгі, орта білім беру, ТЖКБ, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері қатыса алады. Қатысушылардың жас мөлшері шектелмейді, педагогикалық өтілі ескерілмейді.

Конференцияның ғылыми бағыттары:

1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және фольклор
2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: тұлға және таным
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және ұлттық құндылық, тәрбие мәселелері
4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және жаратылыстану ғылымдар мәселелері
5. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және руханият

Конференцияға қатысу тәртібі:

Конференцияға қатысушы **барлық** материалдарды (Сұраныс 1-қосымшаға сәйкес, баяндама/мақала 2-қосымшаға сәйкес, талапқа сай презентация, төлем түбіртегін) бірге 2024 жылдың 20 қаңтар күніне дейін **astanaconkurs@astana-modern.edu.kz** электронды мекенжайына жіберулері қажет.

Баяндама материалдары көрсетілген мерзімнен кешіктіріліп жіберілген немесе талаптарға сай рәсімделмеген болса, қаралмайды, (антиплагиатқа тексеріледі) көшірілген жұмыстар конференцияға қатыстырылмайды. Ғылыми мақала конференция тақырыбына сәйкес болуы, түпнұсқа (автордың өзіндік тәжірибесі, әдістемесі, нәтижесі бар жұмыс), өзекті болуы, ғылыми жаңалығы, болжамдардың негізділігі болуы, емле, пунктуация ережелері және ресімдеу талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Қорытындысы:

Конференция қорытындысы бойынша материалдар жинағы электронды түрде PDF форматында конференция өткізілген күннен кейін 1 айдың ішінде «Әдістемелік орталығы» МКҚК <https://astana-modern.kz> сайтында жарияланады. Жинаққа UDC, LBC және халықаралық стандартты кітап нөміріне (ISBN) сәйкес кітапхана индекстері беріледі. Қатысушыларға (спикер, тыңдаушы) қатысу сертификаты (электронды түрде) беріледі.

Конференцияны ұйымдастырушылар:

✓ Маманова Жанар Сейдахметовна – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері, 87751178221.

✓ Пазылова Динара Шегендікқызы – Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп директорының бейіндік ісі жөніндегі орынбасары, 87752470676.

Конференцияға қатысудың қаржылық шарттары:

Конференцияға қатысу, баяндаманы жинақта жариялау ақылы (офлайн қатысу құны – 4000 тг, онлайн қатысу құны – 2000 тг құрайды). Төлемдерді кез келген банк бөлімшелерінде, Қазпочтада төменде берілген Kaspi Bank шот нөміріне жіберу қажет. Төлем міндетті түрде конференцияға қатысушының атынан жүргізілуі тиіс және банктің комиссиясы жіберушінің есебінен жүзеге асырылады. Сонымен бірге телефон арқылы Kaspi Bank қосымшасымен төлем жасауға болады.

Тіркелу жарнасының деректемелері:

Компания: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК

Мекенжайы: Қазақстан, Астана қ., Қабанбай батыр 33.

БИН (ИИН): 070540006188

Банк: АО «Kaspi Bank» КБе: 16

БИК: CASPKZKA

Шот нөмірі: KZ42722S000006089425

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы С. Дауешоваға
(мектеме атауы, мекеме басшысынан)

СҰРАНЫС

«Мәшһүр Жүсіп әлемі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына төменде берілген педагогті қатыстыруыңызды сұраймын.

№	Қатысушының аты-жөні, лауазымы	Облыс/ қала білім беру ұйымының атауы	Қатысу түрі (тікелей / сырттай)	Баяндаманың тақырыбы	Конференцияның бағыты	Байланыс тел. (what sApp)эл. почта
1.						
2.						
3.						

Мақала/ баяндаманы рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- баяндама (мақала) мәтіні 4-тен кем, 5 парақтан (А4) артық болмауы керек және тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек;
- парақтардың параметрлері: жоғарыдан – 2 см., төменнен -2 см., сол жағынан – 2,5 см., оң жағынан – 1,5 см.;
- шрифт: Times New Roman, кегл – 14, жол аралық – 1 интервалмен, жаңа жол – 0,9 см;
- бір жолдан кейін ортасынан баяндама тақырыбы (бас әріппен, қою шрифтпен) жазылып, төменгі жағына автордың аты-жөні, жұмыс орны, пәні, лауазымы, категориясы, атағы жазылады;
- бір жол тасталып негізгі жұмыс мәтіні жазылады;
- бір жол тасталып аннотация (*қазақша, саны 150-200-ден артық емес*) жазылуы керек (*Автор мақалада шешімін беретін мәселені, мақсаты мен зерттеу нәтижесін сипаттау қажет. Оқырманға құнды болатын бар өзектілігін көрсетуі тиіс*);
- библиографиялық тізім мақаланың соңында алфавиттік ретпен беріледі;
- негізгі мәтін 3,5-4 парақ (А4), аннотация (3 тілді) және пайдаланылған әдебиеттер тізімі туралы ақпарат 1-1,5 парақ (А4) болуына мән беру;
- жұмысты электронды мекенжаймен жібергенде құжаттар (Сұраныс, мақала/баяндама, презентация, қатысушының атынан төленген төлем түбіртегінің көшірмесі) автордың тегімен аталуы қажет.

Конференция тақырыбы мен мақала рәсімдеудің талаптарына сәйкес келмейтін, сонымен қатар көрсетілген уақыттан кейін жіберілген материалдар ұйымдастырушылардың шешімімен жинаққа енгізілмейді.